



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 88 (8351) Сәрсенбі 9 қыркүйек 2015 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

БАЙЗАҚ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

**БАЙЗАҚ АУДАНЫНЫҢ
ПАЙДАЛАНЫЛМАЙТЫН
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРГЕ ЖЕР
САЛЫҒЫНЫҢ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН
ЖОҒАРЫЛАТУ ТУРАЛЫ**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» кодексінің 387 бабының 1-1 тармағына сәйкес, Байзақ аудандық мәслихаты **ШЕШІМ** КАБЫЛДАДЫ:

1. Байзақ ауданының пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемесі он есе жоғарылатылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Байзақ аудандық мәслихатының «Аумақты экономикалық дамыту, қаржы, бюджет, әкімшілік аумақтық құрылым, адам құқығын қорғау мәселелері және жер учаскелерін сатып алу туралы шарттар жобаларын қарау» жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Байзақ аудандық мәслихаты
сессиясының төрағасы **Н.Тлепов.**

Байзақ аудандық
мәслихатының хатшысы **Н.Үкібаев.**

Қазақ хандығының 550 жылдығына орай

АЛМАТЫПЫҚТАР АЛҒЫСЫНА БӨПЕНГЕН ЖӘРМЕҢКЕ

М. Шалғынбай,
«Ауыл жаңалығы».

Өткен жексенбіде Алматы қаласының айналасында азық-түлік белдеуін құру және «Қазақ хандығының 550 жылдығына» орай, Жамбыл облысы әкімдігі мен ауыл шаруашылығы басқармасының ұйымдастыруымен Алматы қаласында ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізілген болатын. Аталмыш шараға біздің ауданның шаруашылықтары да белсенді түрде қатысып қайтты.

Осы мақсатта аудан әкімдігі ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Д.Сағынбековпен сұхбаттасқан болатынбыз.

- Алматы қаласының айналасында азық-түлік белдеуін құру жөніндегі Елбасының тапсырмасын орындау мақсатында өткен жексенбіде аудан әкімдігінің басшылығымен Алматы қаласында өткізілген жәрмеңкеге барып, аудан шаруашылықтары өнімдерін қала тұрғындарына төменгі бағамен ұсындық.

Аудан әкімі М.Шүкеев, аудан әкімінің орынбасары Д.Сұлтанбеков бастаған біздің аудан шаруашылықтарының ұсынған өнімдерін қала тұрғындары қуана қарсы алды.

Жалпы, Жамбыл облысы тауар өндірушілерінің қатысуымен өткізілген бұл жәрмеңкеге біздің өңірден



40 тоннаға жуық ауыл шаруашылық тауарлары ұсынылды. Атап айтқанда, 5 тонна ет өнімдері (жылқы, сиыр, қой), 3 тонна сүт өнімдері, 20 тоннадан астам көкөніс-бақша өнімдері (картоп, пияз, қияр, қызанақ, қарбыз, баклажан, т.с.с.) бар.

Сонымен қатар, 1 тоннадан астам ауданда өндірілетін басқа да ауыл шаруашылығы тауарлары жәрмеңкеге жеткізілді (ара балы, қымыз, макарон өнімдері, өсімдік майы, т.б.). Осылайша, тауар өндірушілер Алматы қаласының тұрғындарына өз тауарларын 15-20 пайызбен, ал кейбір өнімдерді 20-

40 пайыз төмен бағамен ұсынды, - дейді бөлім басшысы бізге берген сұхбатында.

Салыстырмалы түрде айтар болсақ, Алматы қаласында саудаланып жатқан сиыр етінің келісі 1050 теңге, қой еті 1000 теңге, жылқы еті 1250 теңгеден сатылса, сүттің литрі 120 теңгеден, қаймақ 750 теңгеден, жұмыртқаның 10 данасы 150 теңгеден өткізілген. Сондай-ақ күнделікті ас-ауқатқа қажетті көкөністердің бір келісі: картоп 60 теңгеден, жуа 50 теңгеден, сәбіз 85 теңгеден, қызанақ 70 теңгеден, макарон өнімдері 120 теңгеден сатылған. Жәрмеңкеде жүзімнің келісі 250 теңге, таңсық ас қарбыздың келісі 20 теңгеден саудаға шығарылған. Аталмыш ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне «Rola-7», «Жамбыл Құс» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері, «Дәурен», «Ержан», «Ақ ниет», «Олжа-Тұрсын», «Шилі қарын», «Бак береке» шаруа қожалықтары мен

«Лесняк» және «Мамбетова Р» жеке кәсіпкерліктері өз өнімдерін ұсынғандығын айта кетсек орынды болмақ.

Р.С. Аудан әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімінің берген мәліметіне сүйенсек, келер жексенбіде аудан шаруалары Астана қаласында өтетін ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне өз өнімдерін ұсынса, арғы жексенбіде Алматы қаласында өткізілетін ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне қайта қатыспак.

АКЦИЯ АЯСЫНДА

АТА ЗАҢ - ТҰРАҚТЫ БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

С. Қалмұратов,
«Ауыл жаңалығы».

БҮГІНГІ ТАҢДА МЕМЛЕКЕТТІК ЗАҢНАМАЛАРДЫҢ ЖЕКЕ НОРМАЛАРЫН ТҮСІНДІРУ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТПЕН КЕПІЛДЕНГЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЕРКІНДІГІН ІСКЕ АСЫРУҒА ЖӨРДЕМ БЕРУ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ӨТІНІШТЕР САНЫНЫҢ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ӨСІМІН БЕЛГІЛЕЙ КЕЛЕ, ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ МІНДЕТТЕРІНІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ ТУЫНДАП ОТЫР. СОНЫМЕН ҚАТАР, ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ 30 ТАМАЙЫНДА ЕЛІМІЗДІҢ АТА ЗАҢЫНЫҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫ АТАП ӨТІЛУІНЕ

ХАЛЫҚПЕН ӨТКІЗІЛІП ЖАТҚАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАРДЫ ДҰРЫС ТҮСІНУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, СОНЫҢ ІШІНДЕ, ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАНЫҢ «ЕРКІН ЖҮЗУ» РЕЖИМІНЕ ӨТУІ, SONDAЙ-AҚ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ШИЕЛЕНІСУДІ БОЛДЫРМАУ МАҚСАТЫНДА ОБЛЫСТЫҚ ПРОКУРАТУРАНЫҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН «АТА ЗАҢ – ТҰРАҚТЫ БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ» АТТЫ АКЦИЯ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН БОЛАТЫН.

Жуырда аудан әкімдігінің мәжіліс залында аталмыш акция аясында қаржы саласы қызметкерлері мен облыстық және аудандық прокуратура өкілдерінің қатысуымен жиын болып өтті.

Аймақта заңдылықтың сақталуына, халықтың

көмекшілері Ғ.Абдрахманов, Ж.Саржанов, Байзақ ауданының прокуроры Н.Асабаев, аудан прокуратурасының аға прокурорлары З.Айтжанова, Б.Қалыбаевтар қатысты.



Жиын барысында акцияның мақсат-міндеттері тұрғысында кеңінен сөз болып, еліміздің Конституциясы Бүкілхалықтық референдумда қабылданғаны, оның жобасының халық арасында ұзақ талқылануы негіз болып, нәтижесімен 55 бапқа 1100 түзету енгізілгені, халықпен жүзеге асырылған егемендік құқық Конституцияны дербес етіп, оған жоғарғы заң күшпен қатар рухани-өнегелік күш беретіні әңгіме өзегіне айналды.

Сондай-ақ акция барысында жаңа ақшанесие саясатының аясында мемлекетпен қабылданып жатқан шаралар жайында әңгіме қозғалып, алыпсатарлық бағалар тәуекелі ең алдымен бірінші кезекте қажет азық-түлік тауарларына, жоғары тұтынушылық сұранысқа ие (автомобильдер, ұйымдастырушылық техника, тұрмыстық химия заттары және т.б.), сондай-ақ мультипликативтік әсері бар азық-түлікке жатпайтын тауарларға (мұнай өнімдері, тауарлық және сұйытылған газ, көмір, мазут және т.б.) қалыптасқан жағдайда, Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті мен Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы

қалыпты жұмыс режимін сақтауға шақырды.

Өз кезегінде прокуратура саласының өкілдері сауда қызметін және бәсекелестікке қарсы іс-қимылды жүзеге асыру саласында бұзушылықтар орын алуы мүмкін және оларды жасағаны үшін жауапкершілікке тарту, сенімді емес ақпаратты тарату деректері үшін құқық бұзушылық жауапкершіліктерін қарастыру жолдары, митинг, шеру және сол сияқты мәселелерді ұйымдастыру бойынша заңнама талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік мәселелері төңірегінде сөз қозғап, әкімдіктер жанынан құрылған бағаларды бақылау бойынша штабтардың құрамына прокуратура органының жедел қызметкерлері, монополияға қарсы органның және кәсіпкерлер палатасының қызметкерлерінің қатысуымен негізгі әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағаларына күн сайын мониторингтер жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Аталмыш акция халықпен жедел және тікелей жұмыс атқару, өткізіліп жатқан экономикалық реформаларды халық арасында адекваттық түсінігін қалыптастыруға, сондай-ақ әлеуметтік саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге едәуір септігін тигізді.



БАЙЛАНЫСТЫ, МЕРЕКЕНІ ТОЙЛАУ КОНСТИТУЦИЯНЫҢ БАСТАПҚЫ ЕРЕЖЕЛЕРІН БІЛУ ДЕҢГЕЙІН, ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОТАНШЫЛДЫҚТЫ АРТТЫРУДЫ, КОНСТИТУЦИЯНЫҢ НЕГІЗГЕ АЛЫНАТЫН ПРИНЦИПТЕРІН ЖӘНЕ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЕГЕМЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ ХАЛЫҚПЕН ТӘЖІРИБЕДЕ ОҚЫП-БІЛУІН БОЛЖАМДАЙДЫ.

ЕЛІМІЗДІҢ ЖАҢА ҚАРЖЫЛАЙ-НЕСИЕЛІК САЯСАТҚА ӨТУІНЕ ОРАЙ,

құқықтық сауатын, заң санасын арттыруға бағытталған жиынға Жамбыл облыстық Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау департаментінің бас маманы А.Бағжан, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі облыстық филиалы директорының орынбасары Н.Берікбосынов, облыс прокуратурасының басқарма бастығы Б.Жанұзақұлы, облыс прокуратурасының басқарма бастығының орынбасары Р.Абилхаиров, облыс прокуратурасының басқарма аға прокуроры А.Избанова, облыс прокурорының аға

“20 МЕРЕЙЛІ ІС” АЯСЫНДА КІТАПХАНАҒА 100 КІТАП СЫЙЛАДЫ

Кітап – алтын қазына. Білімнің қайнар бұлағы- кітапта. Техника қанша қарқынды дамығанмен оларды кітаппен салыстыра алмайсың. Көркем әдебиет қиялымызды қанаттандырып, айналамыздан жақсылық пен мейірімділікті көруге үйретеді, жүрегімізге таза дүниені қондырады. Халқымыздың ұлы ақыны Абай кітапты көп оқуының арқасында бірнеше тілді меңгерді. “Кітап – ең сабырлы ұстаз. Тек кітап ғана қайырымдылық пен айуандықтың, ақиқат пен жалғанның ара жігін айнытпай танып білуге үйретеді.” деп Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, адамзат алдында тұрған ұлы мұрат - салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Жас ұрпақтың талабын қанағаттандыру, рухани байлығын, жалпы ой-өрісін дамытуда кітаптың алатын орны айрықша. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл – ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. Ал кітапхана – білім мен ғылым алтын дариясы саналады. Өткен аптада Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің бөлім басшысы Н. Еркебаев кітаптың адам өмірінде алатын орны мен кітап оқудың маңызы туралы өзінің ойымен бөлісе келе, Қарасу ауылдық кітапханасына 100-ден аса кітапты тарту етті. Ш. Уәлиханов атындағы облыстық кітапхананың директоры Э. Абдинова ауылдық кітапханаларға кітап сыйлаған жомарт жандарға алғысын айтып, еңбектеріне табыс тіледі.

Кітаптың ұлылығын әспеттеген шара соңында аудандық әл-Фараби атындағы мәдениет үйінің әншілері әуелете ән салып, күмбірлетіп күй тартты.

Өз тілшіміз.

Күзгі абаттандыру, көгалдандыру, көгеріштендіру және санитарлық тазалық екі айлығы іс жүзінде

ТАЗАЛЫҚ АЙЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ

А.Шотбасова,
“Ауыл жаңалығы”.

ТАЗАЛЫҚ – САУЛЫҚ НЕГІЗІ, САУЛЫҚ БАЙЛЫҚ НЕГІЗІ ДЕМЕКШІ, ТАЗАЛЫҚ ТУРАЛЫ СӨЗ ҚОЗҒАР БОЛСАҚ ҚОҒАМ ТАЗАЛЫҒЫ, ТІЛ, АР-ОЖДАН ТАЗАЛЫҒЫ, ЖЕКЕ БАСТЫ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ТАЗАЛЫҒЫ ОСЫЛАЙ ТІЗБЕКТЕЛЕ БЕРЕДІ. БҰЛАРДЫҢ ӘРҚАЙСЫСЫ ӨЗІНШЕ ӘНГІМЕ ЕТЕРЛІК ТАҚЫРЫПТАР. АЛАЙДА ӨМІР СҮРЕР ОРТАМЫЗДЫҢ ТАЗАЛЫҒЫН САҚТАУ АЙТАРЛЫҚТАЙ МАҢЫЗДЫ ЕКЕНДІГІ РАС.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВ ТАЗАЛЫҚКА ҚАТЫСТЫ АЙТҚАН СӨЗІНДЕ: «БҰЛ ОРАЙДА МЕН ӘРБІР ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӨЗІНЕН БАСТАУЫ КЕРЕК: ӨЗІНІҢ ҮЙІНЕН, ҚАЛАСЫНАН, АУЫЛЫНАН БАСТАУЫ, ӨЗІНІҢ



ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН ӨМІР СҮРУ САЛТЫ ТУРАЛЫ ОЙЛАНУЫ КЕРЕК ЕКЕНІН БАСА АЙТҚЫМ КЕЛЕДІ. МҮНСЫЗ ЕШҚАНДАЙ ЖАҢА ӨМІР САПАСЫ ОРНАМАҚ ЕМЕС» ДЕГЕН БОЛАТЫН. ЕЛБАСЫНЫҢ ӨЗІ ТАЗАЛЫҚТЫ САҚТАУҒА БАРЫНША МӘН БЕРГЕННЕН КЕЙІН СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ЕЛ АУМАҒЫНДА ТАЗАЛЫҚҚА АЙЫРҚИША КӨНІЛ БӨЛІНІП КЕЛЕДІ.

Сол себепті, жыл сайын жалпы республика көлемінде, оның ішінде облыс пен аудандарда күз, көктем мезгілдерінде тазалық айлықтары ұйымдастырылады.

Міне күз мезгілі келіп, өңірімізде кезекті рет аудан әкімдігінің «Күзгі абаттандыру, көгалдандыру, көгеріштендіру және санитарлық тазалық екі айлығын өткізу туралы» Қаулысы жарияланды. Үстіміздегі жылдың қыркүйек, қараша айларын қамтитын айлықтың өткен сенбіде алғашқы тазалық шарасы өткерілді.

Оған мыңнан аса адам қатысып, 474 саябақтар мен скверлер тазаланып, көріктендірілді. 21 кездейсоқ күл-қоқыс орындары реттеліп, 13 арық-атыздар қалдықтардан аршылды.

Әзірше, жұмыстың бастапқы жұмыстары ғана орындалған, алда тал-ағаштар егу, гүлзарлар мен көгалдар орналастыру шаралары атқарылмақшы.

Р.С. Негізінен дінімізде де тазалыққа ерекше ден қойылған. “Тазалық - иманның жартысы” деген тәміл жеке бас гигиенасы, жан тазалығымен қатар отырған ортамызды мұнтаздай таза ұстауымызға үндейді. Осындайда айтпасқа амалың қалмайды екен, кейбір тұрғындардың тұрмыстық қалдықтарды көрінген жерге тастауының салдарынан еткен еңбек заа кетіп жатқан жайы бар. Ендеше әрқес, әр жерде, әрбір тұрғын қоршаған ортаға аса жанашырлықпен қарағаны үзім демекпіз. Өйткені өздері бәм ұрпақтары мекен еткен тұрғылықты жерінің қадірін ұғыну, тазалығын сақтауға ынта қою – әрбір азаматтың басты міндеті.

Айжан Мадимарова, Ш.Уәлиханов атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасының директоры Эльмира Абдинова және ауылдық кітапханашылар, ауыл тұрғындары қатысты.

Алдымен «Ата Заңым - айбыным» атты құқықтық сағат оқырмандар назарына ұсынылды. Одан соң аудандық орталық кітапхананың директоры С.Өмірбекова орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің, соның ішінде Қарасу ауылдық кітапханасының қорымен таныстырды. Орталық кітапхананың қызметкері Р.Күздеубаева Ата Заңымыздың тарихына тоқталса, библиограф Ғ.Басықараева «Конституция – тәуелсіздік негізі» атты кітап көрмесінің жанында әдебиеттерге шолу жасады. Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің бөлім басшысы Н. Еркебаев кітаптың адам өмірінде алатын орны мен кітап оқудың маңызы туралы өзінің ойымен бөлісе келе, Қарасу ауылдық кітапханасына 100-ден аса кітапты тарту етті. Ш. Уәлиханов атындағы облыстық кітапхананың директоры Э. Абдинова ауылдық кітапханаларға кітап сыйлаған жомарт жандарға алғысын айтып, еңбектеріне табыс тіледі.

Кітаптың ұлылығын әспеттеген шара соңында аудандық әл-Фараби атындағы мәдениет үйінің әншілері әуелете ән салып, күмбірлетіп күй тартты.

Өз тілшіміз.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС - БАСТЫ МАҚСАТ

С.Умралиев,
Байзақ аудандық сотының судьясы.

Бәрімізге мәлім, Қазақстан Республикасының № 267 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы 1998 жылы 2 шілдеде қабылданған болатын.

Заңның мақсаты - азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді. Осы Заң сол сияқты демократиялық негіздерді, мемлекетті басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенім нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адальдығы үшін жағдайлар жасауға да бағытталған.

Бұл заңның ерекшелігі - билік басындағы лауазым иелерінің қызмет бабын жеке басының мақсаттарына пайдалануына, келенсіз әрекеттеріне тосқауыл қою болып отыр. Лауазым иесінің қызметтік міндетіне жатпайтын әрекеттер, мысалы, жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның, үшінші бір адамның пайдасына бағытталған іс-әрекеттер қылмыстық белгі құрамауы мүмкін. Сондай жағдайда келенсіз қылмыс әшкере болған лауазым иесі аталған заң негізінде жауап береді. Мемлекеттің мүддесіне, халықтың мемлекетке, заңдарымызға деген сеніміне нұқсан келтіретін лауазым иесінің теріс әрекеті жазасыз қалмау керек.

Жалпы сыбайлас жемқорлықпен күресу жеке

адамдардың немесе жекелеген топтың ғана емес мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы. Осыны шынайы орындау үшін әрбір лауазым иесі өзінің жан-дүниесін ұдайы таза, адал ұстауы тиіс. Сонда ғана олар қарапайым халықтың сенімін ақтап, қоғамның тежеусіз дамуына үлес қосқан болар еді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу - мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы, осы кеселге қатаң бағытталған мемлекеттік бағдарлама жоғары деңгейдегі жауаптылықпен іске асырылуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлықтың себептерін және жағдайын анықтау мен жою – біздің жұмысымыздың негізгі басымдықтарының бірі болып табылады.

Белгіленген мақсаттарды жүзеге асыру бағдарламалардың сапалы жүзеге асыруды қамтамасыз ететін кәсіби мемлекеттік аппаратты жасақтау үшін қажетті жағдай жасайды. Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру жылдамдығы, көбінесе дұрыс басқарушылық шешімдерден тәуелді, өйткені мемлекеттік қызмет – еліміздің серпінді дамуының елеулі құрамдас бөлігі.

Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң қабылданғаннан кейін қазіргі уақытта жұмыс істеп жатқан мемлекеттік қызметшілерді кешенді аттестаттау өткізілмек. Ол қызметшілердің кәсіби құзыреттілік пен жеке қасиеттер деңгейін жаңа талаптарына сәйкестігін анықтау қажеттілігімен негізделген және реформа жағдайында мемлекеттік аппаратының кадрлық әлеуетін әділдікпен бағалап, тиімді пайдалануға жәрдемдеседі. Бұл өз күшіне сенетін және мансапқа жетуге талпыныс білдіретін адамдарға жақсы мүмкіндік, өйткені алдағы аттестаттаудың негізгі мақсаттардың бірі жоғары жеке әлеуеті бар ең қабілетті мамандарды іздеу болып табылады. Оның нәтижелерінің негізінде жеке жұмыстың жоспарларына, оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламаларына түзету енгізіледі.

Жалпы алғанда аталған шаралар өз кезегінде үздік халықаралық тәжірибеге сай кәсіби мемлекеттік аппарат құруға ықпал жасайды.

БАЙЗАҚ АУДАНЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!!!

2015 жылдың 17-ші қыркүйегінде Байзақ аудандық сотында сотқа жүгінуде кездесетін мәселелер бойынша түсініктемелер беру мақсатында «Ашық есік» күні өтетінін хабарлаймыз.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ БАЙЗАКСКОГО РАЙОНА!!!

17 сентября 2015 года в Байзакском районном суде по обсуждению обращений населения в судебные органы будет проходить день «Открытых дверей».

«Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламасы аясында

НЕСИЕ АЛЫП, ШАРУАСЫН ДӨҢГЕПЕТУДЕ

М.Манекеев,
«Ауыл жаңалығы».

ЖАЛПЫ, БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ – ЖҰМЫСПЕН ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛІ ҚАМТУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ АРҚЫЛЫ ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ. КӨЗДЕЛГЕН МАҚСАТТЫ НАҚТЫЛАЙ ТҮСКЕНДЕ, ТӨМЕНДЕГІДЕЙ САНАТТАҒЫ АЗАМАТТАР-ӨЗ БЕТІНШЕ ЖҰМЫСПЕН АЙНАЛЫСУШЫЛАРДЫ, ЖҰМЫССЫЗДАРДЫ ЖӘНЕ ТАБЫСЫ АЗ АДАМДАРДЫ ЖҰМЫСПЕН НӘТИЖЕЛІ ҚАМТУ.

Шын мәнінде де «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» бағдарламасы кәсіптің нәсібін көрем деген азаматтарға үлкен демеу беруде. Бүгінде бұл бағдарлама бойынша 4 бағытта жұмыс атқарылуда. Өз бетінше жұмыспен айналысушыларды, жұмыссыздарды және табысы аз адамдарды оқыту және олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу. Бұл – бір.

Екіншісі, ауылдағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу. Бұл үшін кәсіпкерлерге шағын несие беріліп, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға көмек көрсетіледі. Кәсіпкерлік негіздері оқытылады. Мұның бәрі ауыл кәсіпкерлері үшін мемлекет тарапынан жасалып отырған зор мүмкіндік. Бағдарламаны іске асырудағы үшінші бағыт — еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру. Бұл үшін мемлекет тұрғындарды экономикалық әлеуеті төмен елді мекендерден экономикалық даму орталықтарына өз еркімен көшінуіне жәрдемдеседі. Ал төртіншісі, әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру.

Міне, осылайша мемлекеттің қамқорлығын тиімді пайдалана отырып, шаруаны өрге домалатудың зор мүмкіндігі туып отыр. «Әрекет түбі — берекет» демекші, «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» бағдарламасының екінші бағыты кәсіп ашып, күнкөрісін жақсартамын дегендерді демеп, қаржылай қолдауды көздейді. Мәселен, Ынтымақ ауылдық округінің тұрғыны Жандос Смайлов осы бір мүмкіндікті қалт жібермеді. Іскер азамат шағын несие алып, бүгінде мал шаруашылығына мықтап бет бұрып, тындырымды еңбек етіп жүр. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген ұлы

Абайдың осы сөзін кәсіпкер Жандос жете түсінген сыңайлы. Бала-шағасын қатардан қалдырмай, еңбекпен танытып келеді. Енді, міне, жеке кәсібімен шалғай ауылдың өзінде-ақ кәсібін өрге домалатып,



ауылдың өркендеуіне өз үлесін қосуда.

– «Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламасының екінші бағыты бойынша «ҚазАгроФинанс» АҚ-ы арқылы алты пайыз жеңілдікпен үш миллион теңге шағын несие алдым. Өте ыңғайлы. Алған қаржыға жеті жылқы, бес сауын сиыр және бес бас бұқа сатып алдым. Алдағы уақытта шаруашылықтың өрісін кеңейтіп, қосымша жұмысшы алу жоспарымда бар»-дейді ісін өрге домалатқан жеке кәсіпкер.

Мұндай шағын несие 6%-дық мөлшермен 5 жылға беріледі. Ал Жандостың тәуекелі өзгелерге үлгі боларлық. Негізінен Жандос Смайлов шаруашылыққа әу бастан-ақ бет бұрған азамат. Бірақ қолындағы мал басын көбейтіп, шаруасының ауқымын кеңейтуге қаржы жағы қолбайлау боп келген. Ал, алған несиесіне етті, сүтті малдарды таңдап тұрып сатып алған. Алайда, айта кету керек, бұл коммерциялық мақсатқа берілмейді. Еткен еңбегін – күнделікті күнелтісін, артық тапқанын – несиенді жапқанын.



“Бүгінгі таңдағы ауыртпашылықтар-біздің үлесімізге тиген алғашқы сынақ емес, барлық қазақстандықтардың өркендеуі, қауіпсіздігі мен әл-аухатын жақсарту аса маңызды міндет болып қала береді.

С о н д ы қ т а н қазақстандықтарды аталған іс-шараларды жүзеге асыруға, еңбексүйістікке және қайсарлық танытуға, көмекке мұқтаж жандарға жәрдемдесуге және қамқорлық көрсетуге шақырамын» деп Есбасымыз өзінің дәстүрлі Жолдауында баса айтқан болатын. Осы мақсатты көздеген «Мектепке жол» акциясын қолдаған шара аудан орталығындағы “Байзақ баба” мешітінің бас имамының ұйытқы болуымен өтті.

Оны мешіттің бас имамы Р. Азизов ашып, қамқорлық қажет ететін отбасы балаларына қолдау көрсетудің маңызын сөз етті. Қайырымдылық адамның асыл қасиеттерінің бірі екендігін, пайғамбарымыздың (с.ғ.с) «Жақсылық жасаңдар, қайырымды болыңдар!» деген сөзінің маңызына тоқтала отырып, бес күндік фәни дүниеде қайырлы іс жасаудың сауабын айтты. Наиб имам А.Абдухатұлы және А.Каримбаевтар сөз алып, әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы отбасы балаларына қайырымдылық

БАЛАЛАР ДӘН РИЗА БОЛДЫ

көмегін көрсету, жас ұрпақты ізгі істерге құлшындыратындығын, республикалық акцияның шарапаты бала жанына шаттық сыйлайтындығын сөз етті.

«Мектепке жол» акциясы аясында аз қамтылған отбасынан шыққан 10 балаға аталмыш мешіт қызметкерлері оқу құралдары салынған сөмкелерді табыстады.

* * *



Барлық білім ошақтарында өтіп жатқан «Мектепке жол» республикалық акциясын қолдаған шара Амангелді атындағы орта мектепте де өткерілді. Әлеуметтік педагог Г. Кокаеваның мұрындары болуымен өткен шараны аталмыш білім ордасының директоры К.Алменова ашып, еліміздің түкпір-түкпірінде өтіп жатқан акцияның мақсатымен таныстырды. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Байдаралинова халқымыз көмекке мұқтаж адамға

көмек көрсетіп, қайырымдылық жасау, қарттарды аялау, мұқтаждарға мәрттік таныту - әрбір қайырымды адамның адамгершілік борышы екендігін сөз етті.

Қайырымдылық шарасын ән мен би әрледі. «Жанымда жүр жақсы адам» атты тақырыпта өнерпаздар өнерлерін көрсетті. Ж.Абдымомунова мен К.Күзенбай әртүрлі ұлт өкілдерінің билерін мың бұрала билесе, жас әншілер Г.Үсіпәлі, Ә.Адахан, А.Жақсылық, Б.Ерханова халық әндерін әуелете шырқады.

Жомарт жандар: аудан әкімдігі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы А.Сакқұлова, білім бөлімінің әдіскері Г.Ибрагимов, білім ошағының басшысы К.Алменова және республикалық балалар «Ханталапай» журналының демеушілігімен 18 оқушыға оқу құралдары, киім-кешектері және спорттық киімдері үлестірілді.

* * *

Осындай шара Қарасу орта мектебінде де өтті. Мектеп директоры Ж. Абдуалиев өз сөзінде Абайдың «Нағыз жүрек ісі рақымдылық, мейірандылық және әр түрлі істе адам баласының бәрін өзіне тартып, бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді» деген сөзіне жүгіне отырып, қайырымдылықтың ізгілік екендігін айтты. Әлеуметтік педагогтар Б.Скакова мен Г.Толыбаеваның ұйытқы болуымен өткен қайырымдылық акциясында 16 оқушыға мектеп формасы, спорттық киімдер, аяқ киімдер, сөмке және оқу құралдары табыс етілді.

Мектеп ұжымымен қатар жомарттық танытқан мешіт имамы Ж.Мәдібаев, жеке кәсіпкерлер А.Абиев, Б.Өзенбаев, А.Найзабеков, О.Төлбасов, Н.Әбішевке ата-аналар атынан алғыс айтылды.

Өз тілшіміз.

ТАРИХТАН СЫР ШЕРТКЕН МУЗЕЙ

С. Жаманғараев, Байзақ ауданының Құрметті азаматы, еңбек ардагері.

«2015 жыл-ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі біктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен ата заңымыз-Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Осынау тарихи белестер жана қазақстандық патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша елге ие» деген болатын Елбасымыз өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында. Шындығында ел өміріндегі елеулі оқиғалар барша қазақстандықтарды өткенге құрметпен қарап, келер күнге нық сеніммен жүруге жетелеп келеді.

Аудан орталығында орналасқан музейге бүгінгі таңда келушілер қатары күн санап өсіп келеді. Жақында мен де аталмыш нысанға атбасын тіредім. Бізді мекеме директоры Дәулетбек ініміз қарсы алды.

Музейге кірген мезетте қарсы қабырғада Байзақ датқа және Қосы батырлардың майлы бояумен салынған бейнесі, жоғары жағында Ұлы Жібек жолының панорамасы бірден көзге шалынады. Археологиялық бөлімдегі арнайы орынға Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Қазақ хандығының 550 жылдығына стенд жасалып, суреттер ілінген. Музейдің “Даңқ” бөлімінде ауданнан Ұлы Отан соғысына аттанған 3341 азаматтардан елге аман-есен оралып еңбек еткен 1583 азаматтар, бүгінгі таңда көзі тірі 11 соғыс ардагерінің саны жазылған баннер ілінген. Ардагерлердің суреттері мен өмір баяндары қойылған стелаж, Кеңес Одағының Батыры Ақәділ Суханбаевтың панорамасы, жалпы нысан ішіне қойылған әрбір жәдігер тарихтан сыр шертеді. Еңбек ардагерлері С.Ермеков, С.Балабеков, Е.Омаров, Н.Аманқозиев, М.Халбайұлы, өзге

ұлт өкілдері М.Раджамов, Р.Хван, Л.Горр, Н.Шин, В.Казейкина, Д.Жарашуев, мұнымен қатар аудан орталығы мен ауылдық округтердегі білім ошақтарының оқушылары музейге келіп, өткен



тарихымызға шолу жасап тұратындығы мені қуантты.

Музейге алыс, жақын елдерден келген қонақтар да аз емес. Жерлесіміз, Ресей Федерациясы Ленинград облысының губернаторы Дрозденко Александр Юрьевич әкесімен және отбасымен ауданымызға қарасты Түймекент ауылында, сонымен қатар аудандық музейде өткен жылдың мамыр айында болды. Музейге қойылған ләңгіні көріп, бала кезінде ойнағандығын еске алып, “Тілек кітабына” лебізін жазып, естелікке сыйлығын табыс етіпті.

Аудандық музейдің директоры Дәулетбек Төлепбергенов өз ісін жетік білетін басшы. Мұнда қызмет ететін ғылыми қызметкер С.Нарашбекова, қор сақтаушысы Т.Мирамова, бас есепші Т.Наржановтар көпшілікке сапалы қызмет көрсетіп келеді.

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ АРҚЫЛЫ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

«ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ» БАҒДАРЛАМАСЫ

Н.Базарбеков, ХҚКО-ның Байзақ аудандық бөлімінің инспекторы.

«Электрондық үкімет» термині барлық мемлекеттік органдардың басын біріктіріп, оларға интернеттің, электронды терминалдардың немесе тіпті ұялы телефондардың көмегімен тұрғындарға қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін біртұтас жүйені білдіреді. Жеке тұлғаларға ғана емес, компания мен кәсіпкерлерге де.

Елімізде электронды үкімет құру идеясын Мемлекет басшысы өзінің республиканы әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына енгізу туралы Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауында білдірген болатын. 2004 жылғы 10 қарашада электронды үкіметті ендіру туралы Қазақстан Республикасында электрондық үкіметті қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Президент Жарлығымен бекітілді.

Бағдарлама 2005 жылы іске қосылып 2 жыл ішінде ел үкіметінің инфрақұрылымы қалыптастырылып, базалық құрамдас бөліктері құрылды. Веб-

портал және шлюз, ведомстваралық электрондық құжат айналымы, куәландырушы орталықтары, бірыңғай көлік ортасы, сонымен қатар, 2007 жылы бүкіл ел бойынша бірыңғай тізілімге біріктірілген жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік деректер қоры тұрақты пайдалануға енгізілді. Веб-портал арқылы мемлекеттік органдардың 20 интерактивтік қызметтері іске асырылды.

2007 жылы электронды үкіметті дамыту мақсатында Қазақстан Республикасында электрондық үкіметті қалыптастырудың 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды, онда электрондық үкіметтің базалық инфрақұрылымын және қол жеткізу тетіктерін кеңейту және дамыту мақсаттары алға қойылды.

«Электрондық үкімет» порталы – Қазақстан азаматтарының және республика қонақтарының Қазақстан туралы, оның үкіметі, заңнамасы, ұлттық назар аударарлық орындары туралы ресми ақпарат ала алатын, сонымен қатар, онлайн режимде мемлекеттік органдар қызметіне ие болып және айыппұл төлеуге мүмкіндік беретін бірыңғай ресурс.

ҚЫЗМЕТТЕР ОҢТАЙЛАНДЫРЫЛУДА

